

«ҚазТрансОйл» АҚ жас мамандар кеңесі туралы ереже

(18.03.2017 ж. берілген өзгерістермен)

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
2. КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТЫ, НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ
3. КЕҢЕСТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚҰРАМЫ
4. КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІНІҢ РЕГЛАМЕНТІ
5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже «ҚазТрансОйл» АҚ жас мамандар кеңесінің (бұдан әрі - Кеңес) мақсатын, негізгі міндеттерін, функцияларын, құрылымы мен құрамын айқындайды, сондай-ақ оның қызметінің регламентін белгілейді.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, «ҚазТрансОйл» АҚ жастар саясатын, осы Ережені және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

3. Кеңес Қоғамда жастар саясатын іске асыру жөніндегі мәселелерді алқалы талқылау және шешу үшін құрылатын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

4. Осы Ереженің мақсаттары үшін мынадай анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) жас маман – 29 жасқа дейінгі, Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген және білім туралы құжатта көрсетілген мамандық бойынша Қоғамда үш жылдан кем емес жұмыс істейтін жеке тұлға;

2) Қоғам – «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы;

3) портал – Қоғамның корпоративтік ақпараттық порталы.

2. КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТЫ, НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

5. Кеңесті құрудың мақсаты Қоғамда бірыңғай жастар саясатын қалыптастыру және іске асыру, жас мамандардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру, өз әлеуетін іске асыру және Қоғамның жетекші жағдайын қамтамасыз ету үшін оларды біріктіру болып табылады.

6. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) жас мамандардың Қоғам үшін маңызды бастамаларын іске асыру үшін жағдайлар жасау;

2) Қоғам басшылығының, мемлекеттік билік органдарының, жастар және Қоғамдық ұйымдардың жас мамандармен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

3) жас мамандардың корпоративтік мәдениетін қалыптастыру, нығайту және арттыру, оларды біріктіруге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;

4) жас мамандардың Қоғамға бейімделуін жеделдету, олардың кәсіби, корпоративтік және басқарушылық құзыреттерін дамыту арқылы олардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету;

5) жас мамандар арасында өзара іс-қимылды кеңейту, кәсіби және іскерлік байланыстарды нығайту және тәжірибе алмасу;

6) перспективалы әзірлемелерге жас мамандарды тарту, ғылыми-техникалық қозғалысты қолдау және дамыту, кәсіби және іскерлік байланыстарды нығайту мақсатында мұнай-газ секторы кәсіпорындарының жас мамандарымен өзара іс-қимыл жасау;

7) көшбасшылық әлеуеті бар жас мамандарды анықтау және дамыту;

8) жас мамандардың шығармашылық бастамаларын арттыру үшін жағдай жасауға жәрдемдесу.

7. Кеңес қызметі келесі бағыттардан тұрады:

1) ғылыми-техникалық бағытты қамтитын, бірақ онымен шектелмейтін:

Қоғамның жас мамандары үшін рационализаторлық идеялар клубы, дебат клубы, зияткерлік конкурстар сияқты түрлі клубтар мен конкурстар ұйымдастыру;

конференциялар, форумдар ұйымдастыруға қатысу;

жас мамандардың кәсіби дамуына ықпал ету - жас мамандардың қолжетімді курстарға, тренингтерге, семинарларға қатысуын қамтамасыз ету;

2) мыналарды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін мәдени-бұқаралық және спорттық бағыттар:

мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру;

спорттық іс-шараларды ұйымдастыру;

жастардың бос уақытын ұйымдастыру;

3) мыналарды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін әлеуметтік бағыт;

қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру;

ардагерлермен кездесулер ұйымдастыру;

балалар мекемелерімен және басқа да әлеуметтік мекемелермен және орталықтармен кездесулер ұйымдастыру;

4) бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Қоғамның корпоративтік веб - сайтында және порталда Кеңестің қызметін ақпараттық қолдауды қамтитын, бірақ онымен шектелмейтін ақпараттық бағыт.

8. Жоғарыда санамаланған қызмет бағыттарын іске асыру үшін Кеңес мүшелерінің (Кеңес төрағасының орынбасарлары) қатарынан әрбір бағытқа жауапты адамдар айқындалады.

9. Кеңес жас мамандардың Қоғам өткізетін «Үздік маман» конкурстарына қатысуына жәрдемдеседі.

10. Кеңес жас мамандардың мәдени дамуға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етеді. Жарыстар әртүрлі спорт түрлері бойынша Қоғамның құрылымдық бөлімшелері арасында өткізіледі.

11. Кеңес жас мамандардың қала аумақтарын абаттандыру мен көгалдандыруға қатысуын қамтамасыз етеді.

12. Кеңес Қоғам қатысатын өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту мақсатында жас мамандардың әлеуметтік іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, мысалы:

1) ардагерлермен және қарт адамдармен кездесулер - Жеңіс күнін және басқа да мемлекеттік мерекелерді мерекелеуге арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша ардагерлер кеңесімен ынтымақтастық жүргізіледі;

2) түрлі қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру және белсенді қатысу - балаларға, түрлі әлеуметтік мекемелер мен орталықтарға жан-жақты көмек көрсету жүзеге асырылады.

13. Кеңес порталда ақпараттық бет құрады және жүргізеді, онда жаңалықтар мен хабарландырулар, ақпараттық хабарламалар жарияланады, фотоматериалдарды іріктеу жүзеге асырылады, Кеңес өткізген іс-шаралар туралы буклеттер мен бейнежазбалар орналастырылады. Порталдың көмегімен кез келген қызметкер Кеңес қызметі туралы өзіне қажетті ақпаратты ала алады.

14. Ақпараттық қолдау мақсатында Кеңес:

1) жыл сайын жас маманға Қоғам туралы, оның құрылымы, басшылығы, өндірісті аумақтық ұйымдастыруы, «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жастар саясатының негізгі бағыттары туралы қысқаша мәліметтерден тұратын жадынама шығарылады;

2) Қоғамның әкімшілік ғимараттарында Кеңес жұмысы туралы өзекті ақпаратты қамтитын «ҚазТрансОйл» АҚ жас мамандар кеңесі» стендтері орнатылады;

3) Кеңестің ақпараттық бетінде порталда жас мамандар өздерін қызықтыратын сұрақтарды қоя алатын форум құрылады;

4) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарына басылымға Қоғам жастарының өміріндегі неғұрлым маңызды оқиғалар туралы ақпарат беретін материалдар мерзімді негізде ұсынылады.

3. КЕҢЕСТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚҰРАМЫ

5. Адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаменті Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

16. Кеңестің жұмыс органы:

1) Кеңес жұмысының ағымдағы және перспективалық жоспарларының жобаларын дайындауды жүзеге асырады;

2) ақпаратты жинауды, өңдеуді, Қоғамдағы жастар саясатының іске асырылуына талдауды жүзеге асырады, осы саладағы жұмысты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

3) Қоғамда жастар саясатын іске асыру және Кеңес жұмысы мәселелері бойынша тиісті органдармен, лауазымды тұлғалармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

4) Кеңестің жұмыс жоспарларының іске асырылуын бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кеңестің құжаттамасын сақтайды;

6) Қоғамда жастар саясатын іске асыру және Кеңес қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. Кеңестің дербес құрамы Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығымен тоқсанда бір реттен жиі емес бекітіледі.

18-тармақ «ҚазТрансОйл» АҚ Басқарма шешімінің редакциясында берілген (18.03.17 ж. № 11 отырыс хаттамасы)

18. Кеңес мүшелері Қоғам орталық аппараты мен филиалдарының жас мамандары қатарынан тағайындалады. Кеңес құрамына жас мамандарға қатысы жоқ Қоғам жұмыскерлері де кіруі мүмкін. Кеңес мүшелерін Қоғамның әрбір филиалы дербес айқындайды. Кеңес мүшелерінің жалпы саны шектелмеген. Бұл ретте Қоғамның әрбір филиалынан 5 (бес) кандидатурадан, Қоғамның орталық аппаратынан 3 (үш) кандидатурадан аспайтын кандидатура ұсынылуы мүмкін.

19. Кеңес құрамында төраға, төрағаның 3 (үш) орынбасары, хатшы және Кеңес мүшелері құрылады.

20. Кеңес төрағасы Қоғам орталық аппаратының жұмыскерлері болып табылатын Кеңес мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілікпен сайланады. Төраға 1 (бір) жыл мерзімге сайланады.

21. Кеңес төрағасы:

1) Кеңестің жұмысын ұйымдастырады және қызметіне басшылық жасайды;

2) Қоғамда жастар саясатын іске асыру аясында Қоғам басшылығымен, жастар және Қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда Кеңестің атынан өкілдік етеді;

3) Кеңестің жұмыс органы алдында Кеңестің жұмысы туралы мерзімді негізде есеп береді.

22. Кеңес төрағасының орынбасарлары Кеңес төрағасының ұсынуы бойынша Қоғамның әрбір филиалынан кемінде екі кандидат ашық дауыс беру арқылы Қоғам филиалдарының жұмыскерлері болып табылатын Кеңес мүшелері арасынан сайланады. Ең көп дауыс санын алған Кеңес мүшесі сайланды деп есептеледі.

23. Кеңес төрағасының орынбасарлары:

1) Кеңес төрағасының тапсырмаларын орындайды;

2) Кеңес қызметінің жетекшілік ететін бағыты бойынша Кеңес төрағасы функцияларының бір бөлігін орындайды.

24. Кеңес төрағасы болмаған немесе оның өз міндеттерін орындауы мүмкін болмаған жағдайда Кеңес төрағасы өз міндеттерін орынбасарларының біріне жүктеуге құқылы.

4. КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІНІҢ РЕГЛАМЕНТІ

25. Кеңестің кезекті жиналыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет Кеңес төрағасының бастамасы бойынша шақырылады. Қажет болған жағдайда Кеңес төрағасының бастамасы бойынша немесе Кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесінің бастамасы бойынша Кеңестің кезектен тыс жиналысы шақырылады.

26. Кеңес жиналыстары, егер оған оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды деп есептеледі.

27. Кеңестің шешімдері жиналысқа қатысқан Кеңес мүшелері санының жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Кеңес мүшелері шешім қабылдау кезінде тең дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда кеңес төрағасы немесе оны алмастыратын адам дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

28. Кеңес шешімдері ұсынымдық сипатта болады. Кеңес шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Кеңес төрағасы қол қояды.

29. Кеңес мүшесі жиналыстарға дәлелсіз себептермен бірнеше рет келмеген жағдайда, Кеңес төрағасы оны Кеңес мүшелерінің қатарынан шығару туралы мәселеге бастамашылық жасауға құқылы. Кеңес мүшелерінің қатарынан шығару туралы шешім Кеңестің жиналысында жай көпшілік дауыспен қабылданады.

30. Кеңес өткізетін іс-шараларды жоспарлау, ұйымдастыру және іске асыру Кеңестің жұмыс органының келісімі бойынша жүзеге асырылады.

31. Қоғам филиалдары Кеңестің жұмыс органының қарауына Кеңестің қызметіне және Қоғамдағы жастар саясатын іске асыруға байланысты ұсыныстарды енгізеді.

32. Қоғам филиалдары мен орталық аппараттағы құрылымдық бөлімшелердің басшылары Кеңес мүшелеріне Қоғамда жастар саясатын дамыту жөніндегі жұмыс үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

33. Осы Ережеге өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар Кеңес отырысында алдын ала талқылануға жатады.

34. Осы Ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен бекітіледі.